

**Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық
Университеті**




**Литосфера құрамы,
құрылымы және
маңызы**

Орындаған: Жиенаева Айдана

Литосфера

Литосфера — жер қабығы (грек. lithos- тас, sphaira — шар) — жердің сыртқы қатты қабаты жоғарғы гидросфера және атмосферамен шектеседі. Жер қабығының жоғарғы бөлімі — шөгінді қабық; ол шөгінді тау жыныстарынан тұрады, кейде бұған эффузивтер жамылғысын да енгізеді. Жер қабығының тербеліс тарихы қозғалысына байланысты, оның қалыңдығы әр орында әр түрлі болып келеді. Литосфера қалыңдығы 50-200 шақырым аралығында деп есептелінеді. Литосфера - жердің қатты қабығы.

Жер литосферасының тектоникалық тақтасы





АТМОСФЕРА

ЛИТОСФЕРА

ГИДРОСФЕРА

Литосфералық тақталар

Жер литосферасының ауқымды бөліктері. Литосфералық тақталар тектоникасы, немесе жаңа жаһандық тектоника деп аталатын геотектоникалық тұжырымдамаға сәйкес, жердің литосфералық қабаты шамалы ірі-ірі дербес литосфералық тақталарға дараланған; бұл тақталардың әрқайсысы астеносфера бетімен көлбеу бағытта ұдайы жылжып отырады (континенттер ығуы, мұхит түбінің спредингі). Әрбір литосфералық тақта мұхиттық орталық жоталардың нақ орта тұсына сәйкес келетін мұхиттық рифтер түрінде көрініс беретін созылу аймағынан Беньофф-Заварицкий-Вадати белдемі деп аталатын сығымдалу белдеміне қарай жылжиды.

Жер қыртысы 8 ірі тақталардан тұрады

- 1. Еуразия**
- 2. Солтүстік Америка**
- 3. Оңтүстік Америка**
- 4. Африка**
- 5. Антарктида**
- 6. Үнді-Аустралия**
- 7. Тынық мұхиттық**
- 8. Неаска тақтасы**

Материктік жер қыртысы салыстырмалы түрде тұрақты бөліктерге — платформаларға және қозғалмалы бөліктерге — геосинклинальдарға жіктеледі.

Жер қыртысының үздіксіз дамуы нәтижесінде геосинклинальдар платформаларға айналады.

Геосинклиналь

Жер қыртысының геосинклинальдік белдеу бойындағы ұзындығы ондаған, жүздеген, мыңдаған км, көлденеңі біршама қысқа, терең ойыс. Геосинклиналь теңіз бассейні түбінде пайда болады; ойыстың екі жақ ернеуі арқылы терең жарылымдар өтеді, ортасын шөгінді және жанартаулық тау жыныстарының қалың қат-қабаттары толтырады. Ұзаққа созылған күшті тектоникалық деформация әсерінен кейін ол үлкен таулардың бөлігіне — күрделі қатпарланған құрылымдарға айналады.



Г
Е
О
С
И
Н
К
Л
И
Н
А
Л
Ь

Платформа

Геологияда қозғалмалығы біршама аз, жазық немесе үстірт тәрізді бедерлі, екі жікқабатты құрылымдық қабаттан – іргетастан және шөгінді тыстан тұратын жер қыртысының кең ауқымды атырабы. баяу тектоникалық режиммен сипатталатын литосфераның негізгі құрылымдық элементінің бірі. Платформалар жылжымалы және тұрақты болып бөлінеді. Платформаның ауданы млн-даған км², пішіні изомерлі, полигонды болып келеді.

**Платформа
терминін алғаш
1932 ж. А.
Архангельский
(1879 — 1940)
қолданған**

